

«Қазақ тілі» пәні бойынша олимпиадаға арналған тест тапсырмалары

I Нұсқа

\$\$\$

Белгілі бір жазуға қатысты барлық амалдың жиынтығы қалай аталады:

- A. графика
- B. семиотика
- C. пиктография
- D. пиктограмма
- E. символика

\$\$\$

О, Ө әріптері қай буында жазылады:

- A. аралас буынды және түбір сөздерде
- B. көп буынды сөздердің алғашқы буынында
- C. көп буынды сөздердің соңғы буынында
- D. көп буынды сөздердің екінші буынында
- E. аралас буынды сөздерде

\$\$\$

Синтаксистің зерттейтін объектісін табыңыз:

- A. Сөз тіркесінің жай, күрделенген және құрмалас сөйлемдердің қалыптасқан ережелер мен қолданылу заңдылықтарын анықтайды
- B. Тіл дыбыстарының акустикалық қасиеттерін тексереді
- C. Сөздің морфологиялық құрылымын қарастырады
- D. Тілдің сөздік құрамындағы сөздердің мағыналарын зерттейді
- E. Әлеуметтік сипаты мен психологиялық екшеліктерін көрсетеді

\$\$\$

Негізінен сөздің бірінші және бір буынды сөздерде жазылатын әріптерді көрсетіңіз:

- A. ә, о, ө, ү, ұ
- B. я, ю, а, е, і
- C. а, е, ы, і, у
- D. я, ю, э, е, и
- E. ы, і, у, э, и

\$\$\$

Сөз тіркесінің анықтамасын табыңыз:

- A. Синтаксистік қатынасты білдіру үшін кемінде толық мағыналы екі сөздің сабақтаса байланысуы
- B. Анықтауыш пен баяндауыштың байланысуы
- C. Бастауыш пен баяндауыштың байланысуы
- D. Толықтауыш пен баяндауыштың байланысуы

Е. Ілік жалғаулы сөз бен толықталатын сөздің өзара қатынасы

\$\$\$

Ы, і әріптерінің емлесіне байланысты дұрыс жазылған сөздердің қатарын көрсетіңіз:

- A. ырым, ырақ, іріту, ілігу
- B. ілеген, ылашын, іреңк, ірің
- C. ылаж, ірең, ырас, ылақ
- D. ылашын, ырух, ірет, ірең
- E. ілеп, ылақап, ырақым, ылайсақ

\$\$\$

Орфография бойынша дұрыс жазылғанын табыңыз:

- A. байи, кейісің, ииді
- B. баыйи, кеййи, иийді
- C. байый, кейійсің, ййіді
- D. байий, кейісің, иийді
- E. байуы, кейуі, иіуі

\$\$\$

Буын үндестігіне бағынбайтын сөзді табыңыз:

- A. дәрісхана
- B. мектептер
- C. жазушы
- D. өнер
- E. орман

\$\$\$

Қазақ тілінде неше дыбыс бар:

- A. 37
- B. 42
- C. 9
- D. 12
- E. 25

\$\$\$

ә, ө, і, ү, е дыбыстарының түрін анықтаңыз:

- A. жіңішке
- B. жуан
- C. ашық
- D. еріндік
- E. езулік

\$\$\$

Матаса байланысқан сөз тіркесін табыңыз:

- A. Абайдың шәкірті
- B. Баланы оқыту
- C. Бәйгеге шапқан
- D. Тез киінді
- E. Ақынның күнделігі

\$\$\$

Қ - әрпі жазылатын сөзді көрсетіңіз:

- A. бай...ау
- B. кө...тем
- C. кәсіп...ер
- D. бере...е
- E. көрі...ті

\$\$\$

Сөздің түбірі тұйық буыннан тұрған сөзді көрсетіңіз:

- A. ұлттар
- B. Шалқарда
- C. оқушының
- D. кереге
- E. сумен

\$\$\$

Буын үндестігі сақталмаған сөзді көрсетіңіз:

- A. оқушы
- B. орман
- C. ғарышкер
- D. дәптер
- E. Мектеп

\$\$\$

Жалпылауыш сөз қатысып тұрған сөйлемді табыңыз:

- A. Ертіс өзенінің бойындағы қалалар мыналар: өскемен, Семей, Павлодар, Омск
- B. Сусап жүргенде көзіміз қайта – қайта түскен
- C. Мен де, ол да студентпіз
- D. Жастық - ерлік жасайтын шақ
- E. Ғылым таппай мақтанба, өнер таппай баптанба

\$\$\$

Қазақ тіліне ғана тән неше дыбыс бар екенін табыңыз:

- A. 9
- B. 42
- C. 37

D. 12

E. 25

\$\$\$

Тек дауысты дыбыстарды көрсетіңіз:

A. а,ү,е

B. р,м,н

C. е,ж,ң

D. қ,т,с

E. а,б,л

\$\$\$

Үнді дауыссыздарды көрсетіңіз:

A. м,н,ң,у

B. а,т,һ,о

C. ч,п,ғ,у

D. ә,к,ж,з

E. б,д,е,г

\$\$\$

Тұйық буынды сөзді табыңыз:

A. өрт

B. мектеп

C. іні

D. ана

E. көне

\$\$\$

Қандай әріптер орыс тілінен енген сөздерге жазылады:

A. ф, ц, в, э

B. г, ц, п, х

C. б,в, г, д

D. һ, х, щ, ф

E. ш, щ, г, д, ж

\$\$\$

Тұрлаусыз мүше қызметінде тұрған сан есімді табыңыз:

A. Отызды елуге қос

B. Оның әрекетінен байыпты іскерлік байқалады

C. Жәудір көзінде бұрынғыдай наз жоқ

D. Жасымда албырт өстім,ойдан жырақ

E. Екі қосу екі төрт

\$\$\$

Қосарлы дауыстыларға біткен сөздерге жазылған қай қосымша дұрыс:

- A. ведомостьке
- B. ведомостке
- C. ведомостьқа
- D. ведамостьқа
- E. ведомостқа

\$\$\$

Сөздердің соңындағы қосарлы дыбыстарға қосымшаның дұрыс жалғанғанын көрсетіңіз:

- A. Публицистке
- B. публициске
- C. публицистіке
- D. публистқа
- E. публицисқа

\$\$\$

Анықтауыш қызметінде тұрған сан есімді табыңыз:

- A. Бірінші хатым Володяға жазылды
- B. Желсіз түнде жарық ай
- C. үй ішіндегі үлкендер бала мінезіне сүйсініп қалды
- D. Теңізден өкпек суық соғып тұр
- E. үлкен кітаптың бетін ашты

\$\$\$

Қай қосымша дұрыс жалғанған:

- A. фактіні
- B. машинистке
- C. тарихтің
- D. ведомосьтқа
- E. педогогтер

\$\$\$

Қате жазылған сөзді көрсетіңіз:

- A. цехтің
- B. тарихты
- C. металдарға
- D. табелі
- E. клубтар

\$\$\$

Тыныс белгілері туралы ғылым:

- A. пунктуация
- B. синтаксис
- C. фонетика
- D. морфология

Е. этимология

\$\$\$

нд, нз, нг, мп, мб.мт, кт, ск, вт, фт, пт дыбыстарына аяқталған сөздердің емілелік ерекшелігін көрсетіңіз:

- А. қосымша жіңішке болып жалғанады
- В. Қосымша дауыссыздан басталса, дәнекер ы, і дыбыстары жазылады
- С. соңғы дауыссыз дыбыс түсіріліп жазылады
- Д. Қосымша буын үндестігі бойынша жазылады
- Е. қосымша жуан болып жалғанады

\$\$\$

Орфоэпиялық заңдылық бойынша жазылған сөзді табыңыз:

- А. қара ғазан, сары бала қамы үшін
- В. қой қораға қамалды.
- С. шолпан үйге келді.
- Д. әңгімені айтты.
- Е. біз аулада ойнадық

\$\$\$

Бірдей қос дыбыстарға аяқталған жалқы есімдерге қазақ тілі қосымшалары жалғанғанда қалай жазылады:

- А. қос әріп сақталып жазылады
- В. дәнекер ы, і дыбыстары жазылады
- С. Соңғы дауыссыз дыбыс түсіріліп жазылады
- Д. қосымша жіңішке болып жалғанады
- Е. қосымша жуан болып жалғанады

\$\$\$

–сымақ тұлғасы және –шы, –ші жұрнақтарымен мағыналас қолданылатын – дағы, –тағы тұлғалары қалай жазылады:

- А. дефис арқылы
- В. бірге
- С. бөлек
- Д. тырнақшаға алынып
- Е. әр қалай

\$\$\$

Сингорманизм дегеніміз не:

- А. сөздің белгілі бір буынға негізделіп айтылуы
- В. сөзде белгілі бір буынның екпін түсіп ерекшеленіп айтуы
- С. сөзді бастан аяқ біркелкі әуезбен әуенді айту
- Д. арнаулы семантика бірлігінде айтылуы
- Е. сөздің ерекше буынының айтылуы

\$\$\$

Қазақ вокализмінде қанша дауысты фонема бар:

- A. 9
- B. 10
- C. 11
- D. 12
- E. 15

\$\$\$

Қыстырма сөзді анықтаңыз:

- A. әрине
- B. алақай
- C. кінәлі
- D. жолдастар
- E. қап

\$\$\$

Тілдің қатынасына қарай дауыстылар нешеге бөлінеді:

- A. 2
- B. 6
- C. 4
- D. 3
- E. 5

\$\$\$

Дауыстың қатынасына қарай дауыссыздар нешеге бөлінеді:

- A. 3
- B. 6
- C. 4
- D. 2
- E. 5

\$\$\$

Жұп болып келетін тыныс белгісіне қандай тыныс белгі жатады:

- A. тырнақша, үтір
- B. жақша, тырнақша
- C. жақша, нүкте
- D. нүктелі үтір
- E. үтір, жақша

\$\$\$

Логика – грамматикалық процестің схематикалық сәулесі не болып табылады:

- A. нүкте
- B. орфоэпия

- C. орфография
- D. пунктуация
- E. лексика

\$\$\$

Қарсылықты салалас сөйлемге байланысты қойылып тұрған сызықшаны көрсетіңіз:

- A. қатар – қатар тас қойдым, жирен атты бо қойдым
- B. жел саябырлаған сияқты, екпіні әлі қатты
- C. бұл сессия ұзаққа созылмайды
- D. Айдар – үздік студент
- E. бүгінгі күнің қалай өтті

\$\$\$

Дұрыс буынға бөлінген сөзді тап:

- A. ба-ла-лар-дың
- B. қы-зғал-дақ
- C. бал-а-лардың
- D. жүд-ыр-ық
- E. бал-та

\$\$\$

Сөз ұяң б, г, в, д дауыссыздарына аяқталса, қосымша қандай дауыссыздардан басталады:

- A. қатаң
- B. шұғыл
- C. ызың
- D. ұяң
- E. үнді

\$\$\$

Кейінді ықпал заңына бағынып тұрған сөздер қатарын көрсетіңіз:

- A. көг аспан, жоғ зат, ағ ешкі.
- B. Қарагөз, Талдықорған, бірқатар, күз келді;
- C. қазанғап, ортаң ғолдай, таш шол, мең игөрдім;
- D. көк аспан, жоқ зат, ақ ешкі;
- E. Қарагөз, Талдығорған, бірғатар, күз гелді;

\$\$\$

Қаһар, шаһар сөздеріндегі һ әрпі жасалу немесе айтылу орнына қарай дауыссыздардың қай тобына жатады:

- A. көмей
- B. тіл
- C. ерін
- D. тіс

Е. таңдай

\$\$\$

Ілгерінді ықпал дегеніміз не:

- А. кейінгі дыбыстың алдыңғы дыбысқа әсері
- В. көрші дыбыстардың ілгерінді-кейінді әсері
- С. алдыңғы дыбыстың кейінгі дыбысты өзіне тәуелді етуі
- Д. кейбір белгілері жағынан өзара бірдей немесе біршама жуық элементтердің қайталануы
- Е. сөз ішіндегі біркелкі буындардың бірінің түсіп қалуы

\$\$\$

Дауыстылардың тілдің қызметіне орай бір сөз көлемінде не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке ыңғайласып, үйлесіп келуін:

- А. тіл үндестігі
- В. ассимиляция
- С. ерін үндестігі
- Д. аккомодация
- Е. диссимиляция

\$\$\$

Сөз қай ұстанымға (принцип) сүйеніп, айтылуы бойынша жазылады:

- А. фонетикалық ұстаным
- В. дәстүрлік ұстаным
- С. айырым ұстаным
- Д. морфологиялық ұстаным
- Е. тарихи ұстаным

\$\$\$

Қазақ орфографиясының негізгі ұстанымы:

- А. фонетикалық ұстаным
- В. дәстүрлік ұстаным
- С. айырым ұстаным
- Д. морфологиялық ұстаным
- Е. тарихи ұстаным

\$\$\$

Сөзді бірізді жазудың тәсілдерін белгілейтін ереже қалай аталады:

- А. орфография
- В. орфоэпия
- С. пазиграфия
- Д. полиграфия
- Е. полисемия

\$\$\$

И дыбысына біткен етістіктермен сый, тый деген етістіктерге – у, -а жұрнақтары жалғанғанда, олар жазылады:

- A. –ю, -я
- B. –у, -а
- C. –у, -я
- D. –ю, -а
- E. –и, -ы

\$\$\$

А дыбысы қай кезде ә болып айтылады:

- A. ж,ш дыбыстары мен й дыбыстарының ортасында
- B. т дыбыс пен ғ дыбыстарының ортасында
- C. б дыбыс пен й дыбысының ортасында
- D. к дыбысы мен й дыбыстарының ортасында
- E. г,с дыбысы мен й дыбыстарының ортасында

II нұсқа

\$\$\$

Қаратпа сөзді табыңыз:

- A. құр, жануар, құр-құр
- B. о, не дегенің
- C. өлтіре алмас, алайда, өлеңді ешкім
- D. қош болыңдар, амандықпен кездесейік
- E. жо-жоқ, дұрыс емес

\$\$\$

Қыстырма сөзді көрсетіңіз:

- A. менің байқауымша
- B. бірақ
- C. о, жасаған
- D. пай-пай
- E. уа, шіркін

\$\$\$

Ы әрпі жазылмайтын орынды көрсетіңіз:

- A. рақ... мет
- B. қор... тынды
- C. ар... стан
- D. құр... лыс
- E. қат... нас

\$\$\$

Қ, Ғ әріптерінің емлелік ерекшелігін көрсетіңіз:

- A. тек қазақ сөздерінде жазылады
- B. бірыңғай жуан дауыстылармен тіркеседі
- C. сөз соңында жазылмайды
- D. бірыңғай жіңішке дауыстылармен тіркеседі
- E. жуан-жіңішкелікті талғамайды

\$\$\$

Сөз соңындағы жіңішкелік белгісінің емлелік ерекшелігін көрсетіңіз:

- A. дауысты дыбыстан басталған қосымша келсе, түсіп қалады
- B. қосымша жалғанғанда түсіп қалады
- C. қосымша жалғанса, сол қалпында қалады
- D. дауыссыз дыбыстан болған қосымша келсе, түсіп қалады
- E. қосымша жалғанбайды

\$\$\$

Талғаулы жалғаулық арқылы байланысып тұрған бірыңғай мүшелі сөйлемді табыңыз:

- A Ол не күлерін, не жыларын білмеді
- B Ұлпан жүзінде өкініш те, күйініш те жоқ
- C Бұл жолы өте сақ қимылдап, жеңетін болды
- D Дөлең туралы сөйлеген сайын көзі жайнап, шабыттана түсті
- E Барлық пәленің бәрі колхоздың ұсақтығынан

\$\$\$

Кезектес жалғаулық арқылы байланысып тұрған бірыңғай мүшелі сөйлемді табыңыз:

- A Ол біресе есікке, біресе терезеге жүгірді
- B Бұл жолы достары мен жолдастары келмеді
- C Алда жақсы кездесулер, сый құрмет көп болар
- D Яғни бұлардың иесі бір өлшеусіз ақыл ма
- E Сегізбай үйінде де, жұмысында да болмады

\$\$\$

Жайылма сөйлемді табыңыз:

- A Мектеп ішіндегі жұмыстар орындалды
- B Күн суып кетті
- C Жаңбыр жауды
- D Мөлдір бұлақ
- E Мектеп іші салқын

\$\$\$

Жақсыз сөйлемді табыңыз:

- A Көпке топырақ шашуға болмайды
- B Оқушы мінезінің өзгеруін бақылап отырдық
- C Тәрбиеші әр уақытта оқушылармен байланысын үзбейді

D Жаңажол ауылының мәдениеті жоғарылаған
E Қар қалың

\$\$\$

Бір м әрпі жазылатын орынды көрсетіңіз:

- A. мақтау гра... отасы
- B. гра... атикалық
- C. програ... асы
- D. телегра... а
- E. екі килогра...

\$\$\$

Қай қосымша дұрыс жалғанған:

- A. журналистің
- B. биноклмен
- C. повестьке
- D. округка
- E. проспектен

\$\$\$

Қандай дауыссыздарды айтқанда дауыстан салдыр басым болады:

- A. к, н, т, г
- B. р, л, и, у
- C. м, н, ң, и
- D. з, ф, ж, м
- E. б, в, г, д

\$\$\$

Одағай сөзді анықтаңыз:

- A. айталық, сізбен келістік, сонда не болды
- B. айналайын-ай, үйін сағынған ғой
- C. моһ-моһ, сен менің асау тайым
- D. достар, әрқашан мұқият болыңдар
- E. менің күнделігімді қарап жіберші, апа

\$\$\$

Төл сөзді сөйлемді көрсетіңіз:

- A. ұста: “Бұны қайдан көрдім?” – деп ойлады
- B. “тарақ” деген сөздегі “та” буыны – ашық буын
- C. “қол ұстату” деген ырым осы
- D. “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырын оқыдың ба
- E. сен дегенде ойым таза

\$\$\$

Дефис арқылы жазылатын шылауды көрсет:

- A. ақ, ау, мыс, ды
- B. мыс, және, әрі
- C. ды, себепті, сондықтан
- D. мен, сынды, сияқты
- E. мен, ау, мыс, ды

\$\$\$

Морфологиялық принцип дегеніміз не:

- A. сөздердің түбір тұлғасы мен қосымшалардың тұлғасын сақтап жазуы
- B. қосымшалар арқылы жазылуы
- C. айтылуы, естілуі бойынша жазылуы
- D. дыбыстық заңдарға сәйкес жазылуы
- E. сөздердің түбір тұлғасы мен айтылуы

\$\$\$

Малды сипаттау үшін сын есіммен қатар айтылатын төбел, қасқа, шолақ сөздері қалай жазылады:

- A. бөлек жазылады
- B. қосарлануы арқылы
- C. дефис арқылы
- D. бірге жазылады
- E. үтір арықылы

\$\$\$

Екінші сыңары нама, құмар, жай, хана, ақы, аралық, тану, сымақ деген сөздермен бірге келген сөздер қалай жазылады:

- A. қос әріп сақталып жазылады
- B. дәнекер ы, і дыбыстары жазылады
- C. соңғы дауыссыз дыбыс түсіріліп жазылады
- D. қосымша жіңішке болып жалғанады
- E. қосымша жуан болып жалғанады

\$\$\$

Соңғы буынында ю, е, э дауысты дыбыстары келетін орыс тілінен енген сөздерге қосымша қалай жалғанады:

- A. жіңішке
- B. жуан
- C. буын үндестігі бойынша
- D. естілуі бойынша
- E. айтылуы бойынша

\$\$\$

(б) жіңішкелік белгісіне аяқталған көп буынды сөздерге қазақ тілінің қосымшалары қалай жалғанады:

- A. қосымшалар әрдайым жіңішке жалғанады

- В. буын үндестігі бойынша жалғанады
- С. қосымшалар әрдайым жуан жалғанады
- Д. ілгерінді ықпал заңы бойынша жалғанады
- Е. барлық жауап дұрыс емес

\$\$\$

Есімдіктен болып тұрған бастауышты табыңыз:

- А. Жалғыз өзі қол көтерді
- В. Биыл көктем ерте келді
- С. Жұлдыздардың сәулесі көрінеді
- Д. өзен, көлдерде су мол
- Е. Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат

\$\$\$

Қаратпа сөзі бар сөйлемді табыңыз:

- А. Ей, Біржан, сөз сөйлейсің желдірмелетіп
- В. «Қазақ деген – жасанды мінезі жоқ, қарапайым халық», -деп жазады
Ы.Алтынсарин
- С. Біз, жастар, Отанымызды қорғауға дайынбыз
- Д. Мынау аттан түсіп жатқан кім? – деді Шұға
- Е. Ендеше, айтқаның болсын!

\$\$\$

Дара бастауышы бар сөйлемді табыңыз:

- А. Жиналыста Асқар да бар еді
- В. Ауылдың маңы терең сай
- С. Асан мен үсен екеуі жұртта ойнап жүреді
- Д.Көп ұзамай жауын мен дауыл басталды
- Е.Мен геолог – барлаушы боламын

\$\$\$

Жалпылаушы сөз қатысып тұрған сөйлемді табыңыз:

- А. Ақ қайың, ойдағы көк, хош иісті жусан-осының бәрі ауылды сұлуландыра түседі
- В.Журналистер, оқырмандар орталық кітапханада кездесті
- С. Асан, Нұржандар келе жатыр
- Д. Білім негізі, оқу кілті-бастауышта
- Е. Жүрісі, іс-әрекеті әкесіндей еді

\$\$\$

Фонетикалық транскрипция сөзі латын тілінен аударғанда қандай мағына білдіреді:

- А. қайта көшіріп жазу
- В. нүкте
- С. дыбыстық

- D. үтір
- E. буын

\$\$\$

Үндестік заңына бағынбай тұрған сөзді табыңыз:

- A. ағаштікі
- B. талапты
- C. мектепте
- D. адамға
- E. кісіге

\$\$\$

Тұйық буынды сөздерді көрсетіңіз:

- A. ән, ас
- B. мереке, үлгі
- C. үн, таза
- D. бала, қала
- E. сана, жама

\$\$\$

Бас әріппен қысқарған сөздерге қосымша қалай жазылады:

- A. дефис арқылы
- B. сызықша арқылы
- C. бірге жазылады
- D. нүктелі үтір арқылы
- E. үтір арқылы

\$\$\$

Дыбыс үндестігіне сәйкес келмейтін сөзді көрсет:

- A. айтқыз
- B. сөйлет
- C. көлденең
- D. өлтір
- E. кел

\$\$\$

Тыныс белгілерінің қойылуы сөйлемнің несіне байланысты болады:

- A. сөйлем құрылысы, мағынасы, интонациясы
- B. тасымалға байланысты
- C. сөздердің буын жігі
- D. интонация мен тыныс белгіге қарай
- E. айтылуына қарай

\$\$\$

Қаратпа сөзі бар сөйлемді табыңыз:

- A. құр, жануар, құр
- B. о не дегенің
- C. өлтіре алмас, алайда, өлеңді ешкім
- D. қош болыңдар, амандықпен кездесейік
- E. жоқ, дұрыс емес

\$\$\$

Одағай сөзді анықтаңыз:

- A. айталық, сізбен келістік, сонда не болды
- B. айналайын-ай, үйін сағынған ғой
- C. моһ-моһ, сен менің асау тайым
- D. достар, әрқашан мұқият болыңдар
- E. менің күнделігімді қарап жіберші, апа

\$\$\$

Қыстырма сөзді көрсетіңіз:

- A. менің байқауымша.
- B. бірақ
- C. о, жасаған
- D. пай-пай
- E. уа, шіркін

\$\$\$

Ұяң дауыссыз дыбыстар қатарын көрсетіңіз:

- A. в, б, г, ғ, ж, д
- B. л, р, д, м, п
- C. б, в, к, с, д
- D. р, и, у, м
- E. ң, п, қ, т

\$\$\$

Дауысты дыбыстардың тілдің қатысына қарай жіктелетін түрлерін атаңыз:

- A. жуан, жіңішке
- B. қатаң, жуан
- C. ашық, үнді
- D. ұяң, жіңішке
- E. қатаң, ашық

\$\$\$

Қатаң дауыссыз дыбыстан тұратын зат есімді көрсетіңіз:

- A. қысқыш
- B. үлкен
- C. кішкентай
- D. инелік
- E. иесі

\$\$\$

Үндестік заңына бағынып тұрған сөзді табыңыз:

- A. оқушыға
- B. дәріхана
- C. Асанмен
- D. Бірыңғай
- E. Әуезовқа

\$\$\$

«Кұрт» сөзі буынның қандай түріне жатады:

- A. 4 дыбысты, бітеу буын
- B. 3 дыбысты, тұйық буын
- C. 5 дыбысты, ашық буын
- D. 6 дыбысты, бітеу буын
- E. 4 дыбысты, тұйық буын

\$\$\$

Сөз тіркесіне, сөйлемге материалдық негіз болатын не:

- A Сөз
- B Синтаксис
- C Түйдекті тіркестер
- D Сөйлем
- E Таңба белгісі

\$\$\$

Сөз негізінде қандай мағынаны білдіреді:

- A Дараланған ұғымды, лексика-грамматикалық мағынаны белдіреді
- B Синтаксистік мағынасы білдіреді
- C Ешқайсысы дұрыс емес
- D Грамматикалық мағына
- E Лексикалық мағына

\$\$\$

Жай сөйлемдер құрамдық ерекшеліктеріне сәйкес:

- A Жалаң және жайылма болып бөлінеді
- B Болымды және болымсыз болып бөлінеді
- C Мезгілдік және мақсаттық болып бөлінеді
- D Шартты
- E Амал

\$\$\$

Күрделі баяндауыштарда қимыл кезеңдері неше түрге бөлінеді:

- A 5
- B 8

C4

D 10

E 11

\$\$\$

Баяндауыштың бастауышпен қиысуы қайсысы:

A Жақтық не көптік болады

B Дара не күрделі болуы

C Бағыныңқы не басыңқы болады

D Жайылма

E Жалаң

\$\$\$

Қ әрпі жазылатын сөзді көрсетіңіз:

A. ...арбыз

B. Көрі...ті

C. ...өктем

D. ...әбіз

E. ...асан

\$\$\$

Жуан дауысты дыбысты сөзді табыңыз:

A. Астана

B. дәрігер

C. түлкі

D. көлік

E. көбелек

\$\$\$

Төл сөзді сөйлемді көрсетіңіз:

A. ұста: “Бұны қайдан көрдім?” – деп ойлады

B. “тарақ” деген сөздегі “та” буыны – ашық буын

C. “қол ұстату” деген ырым осы

D. “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырын оқыдың ба

E. сен дегенде ойым таза

\$\$\$

Одағай сөзді көрсетіңіз:

A. бәрекелді, мынау қызық екен

B. армандарына жетіп, көңілдері бір жайланды

C. өмір өтті, озды, қартайды

D. о заман да, бұ заман, мұндай сұмдық естіп пе ең

E. жанатбек, мынаны қарай тұр

\$\$\$

Қаратпа сөзді көрсетіңіз:

- A. иә, әңгіме айта отыр
- B. о, шіркін, шіркін
- C. сәлем саған, туған ел
- D. мақұл, айтқанын болсын
- E. жақсы, сынап берейін

\$\$\$

Автор сөзді сөйлемді көрсетіңіз:

- A. –бұл не деген жұмбақ? – десті екеуі
- B. “аққу көлі” балетін көрдің бе
- C. “ат” – көп мағыналы сөз
- D. өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы
- E. ендеше, жөніңді біл, шығарма үніңді

\$\$\$

Төлеу сөзді сөйлемді анықтаңыз:

- A. ұста бұны қайдан көргенін ойлады
- B. “тарақ” деген сөздегі “та” буыны – ашық буын
- C. “қол ұстату” деген ырым осы
- D. “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырын оқыдың ба
- E. ұста: “Бұны қайдан көрдім?” – деп ойлады

III нұсқа

\$\$\$

Тағысын тағылар, тағы басқалары деген сөздер қысқартылып жазылғанда қойылатын тыныс белгісін көрсетіңіз:

- A. нүкте
- B. көп нүкте
- C. үтір
- D. сызықша
- E. нүктелі үтір

\$\$\$

Көп нүктенің қойылатын жерін көрсетіңіз:

- A. оқиға толық аяқталмай тоқталса
- B. бастауыш пен баяндауыш арасына
- C. бірыңғай мүшелер арасына
- D. қысқартылған сөзден кейін
- E. ой санамалап айтылса

\$\$\$

Қыстырма сөзді анықтаңыз:

- A. әрине

- В. алақай
- С. кінәлі
- Д. жолдастар
- Е. қап

\$\$\$

Нүкте қойылатын жерді көрсетіңіз:

- А. драмалық шығармаларда әр кейіпкердің атынан кейін қойылады
- В. км, м, кг (ұзындық өлшемі қысқартылғанда)
- С. цифрадан не әріптен соң жарты жақша қойылса
- Д. кітаптағы тақырыптардың атынан соң
- Е. КПИ, АлМУ (араларына)

\$\$\$

Қаратпа сөзді белгілеңіз:

- А. әукім-әукім, торпағым
- В. тек не бұйырсаң да, тезінен бұйырғайсың
- С. байқаймын, ауыл әлі алыста
- Д. рас, сізді күтіп отыр едім
- Е. ұмытпа, бүгін бар

\$\$\$

Нүкте қойылмайтын жерді белгілеңіз:

- А. қандай, неткен есімдіктері қуаныш мағынасын білдіріп тұрса
- В. адамның аты, тегінің бас әріптері шартты түрде қысқартылғанда
- С. тағысын тағылар, тағы басқалар деген сөздер қысқартылып алынғанда
- Д. жыл, ғасыр, сағат қысқартылып қолданса
- Е. нүкте тиянақталған ойды білдіретін хабарлы сөйлемнен кейін

\$\$\$

Қатаң дауыссыздан басталған сөзді көрсетіңіз:

- А. ғарыш
- В. орман
- С. байлық
- Д. құрлық
- Е. үміт

\$\$\$

Бітеу және ашық буындары бар сөзді көрсетіңіз:

- А. әже
- В. жазда
- С. үй
- Д. үлкен
- Е. ел

\$\$\$

Мыс сөзінде неше буын бар екенін белгілеңіз:

- A. бір
- B. екі
- C. төрт
- D. үш
- E. бес

\$\$\$

Үндестік заңына бағынбай тұрған сөзді табыңыз:

- A. үйге
- B. талапты
- C. мектепте
- D. балалар
- E. ағаштікі

\$\$\$

Құрамын өзгертіп айтуға болатын тіркестерді қандай тіркес дейміз:

- A. Еркін тіркес
- B. Морфологиялық тіркес
- C. Тұрақты тіркес
- D. Байлаулы мағына
- E. Түйдекті тіркес

\$\$\$

Сөз тіркестері қандай екі компоненттен тұрады:

- A. Бағыныңқы, басыңқы
- B. Салаласа, сабақтаса
- C. Сабақтаса, жанаса
- D. Араласа, салаласа
- E. Негізгі, қосымша

\$\$\$

Бірін-бірі, біріне-бірі, өзімен-өзі, күннен-күнге, жылдан-жылға сияқты тіркестер қандай есімдер тобына жатады:

- A. Қосарлы есімдер тобына
- B. Күрделі есімдер тобына
- C. Тұрақты тіркестер тобына
- D. Сөз тіркесі
- E. Сөйлем

\$\$\$

Тұрақты тіркестер неше түрлі болады:

- A. 2
- B. 3

- C. 4
- D. 5
- E. 6

\$\$\$

Сөз бен сөзді байланыстыруға дәнекер болатын синтаксистік тәсілдер қайсысы:

- A. Жалғаулар, шылаулар, сөздердің орын тәртібі, интонация
- B. Сөз тіркесі, сөйлем
- C. Есімді тіркестер, еркін тіркес
- D. Сөйлем, сөйлем мүшесі
- E. Мағына, жаңа сөз

\$\$\$

Қысаң дауысты дыбыстарды көрсетіңіз:

- A. у,е,о
- B. о,и,е
- C. ә,о,е
- D. о,а,и
- E. ы,і,ү

\$\$\$

Үнді дыбыстардан құралған сөздерді көрсетіңіз:

- A. машина, уақыт
- B. әдемі, ұстаз
- C. ұлан, маймыл
- D. аққу, суық
- E. күзетші, мақсат

\$\$\$

Тұйық буынды сөздерді көрсетіңіз:

- A. сұлу, жұқа
- B. таза, үн
- C. ән, ас
- D. мереке, үлгі
- E. дәптер, мектеп

\$\$\$

Буын үндестігіне бағынбай тұрған сөздерді көрсетіңіз:

- A. көлдер
- B. қаламдар
- C. тауды
- D. жазушы
- E. баламен

\$\$\$

Фонетика нені зерттейтінін көрсетіңіз:

- A. сөз тіркесін
- B. тіл байлығын
- C. сөз мағынасын
- D. сөз құрамын
- E. тіл дыбыстарын

\$\$\$

Стиль түрін анықтаңыз. Барлық сілтілердің төмендегідей ортақ химиялық қасиеттері болады.

- A. ғылыми
- B. ауызекі сөйлеу
- C. іс-қағаздар
- D. көркем әдебиет
- E. публицистикалық

\$\$\$

Ойдың аяқталмағандығының белгісі не:

- A. үтір
- B. леп белгісі
- C. көп нүкте
- D. сұрау белгісі
- E. нүкте

\$\$\$

Біріңғай жуан дауыстылы сөзді атаңыз:

- A. келді
- B. пісті
- C. егін
- D. ыстық
- E. өмір

\$\$\$

Қатаң дауыссыздан басталатын сөзді көрсетіңіз:

- A. зерек, арман
- B. жаға, мақсат
- C. дала, бөлме
- D. тау, сабақ
- E. жүрек, дән

\$\$\$

Ашық буыннан ғана тұратын сөзді табыңыз:

- A. дастархан
- B. тамыр

- C. тамаша
- D. арқар
- E. шам

\$\$\$

Қыстырма сөзді сөйлемді көрсетіңіз:

- A. дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ
- B. қой, не де болса қалмайық енді
- C. жүрегім, ойбай, соқпай енді
- D. қарағым, бүгін күн жұма ғой
- E. уа, халқым, құлаш жаздың кең өріске

\$\$\$

«Қуанышты» сөйлемдерден соң қандай тыныс белгісі қойылады:

- A. леп белгісі
- B. көп нүкте
- C. сұрау белгісі
- D. нүкте
- E. үтір

\$\$\$

Сұрау белгісі қандай сөйлемдерден соң қойылады:

- A. сұраулы
- B. дұрыс жауабы жоқ
- C. хабарлы
- D. бұйрық
- E. лепті

\$\$\$

Мына сөздердің қайсысынан леп белгісі қойылады:

- A. бәрежелді
- B. бірталай
- C. жаңалық
- D. қолайлы
- E. дұрыс жауабы жоқ

\$\$\$

Сөйлемге қандай тыныс белгісі қажет:

Шіркін, бұрыңғының әндері-ай

- A. леп белгісі
- B. сұрау белгісі
- C. нүкте
- D. көп нүкте
- E. сызықша

\$\$\$

Орфоэпиялық заңдылық бойынша жазылған сөзді табыңыз:

А. қара ғазан, сары бала қамы үшін

В. қой қораға қамалды.

С. шолпан үйге келді.

Д. әңгімені айтты.

Е. біз аулада ойнадық

\$\$\$

Төл сөзді сөйлемді табыңыз:

А. «Табылған ақыл, Мұқа!» - деп, Жарқын айналасына қарады

В. «Амангелдіге» келісімен, бұл арман шыңына жетті

С. осы алаңнан қоныс тауып, біз ошақ қаздық

Д. күрең ат – Бөжейдің қыс мінетін аты

Е. тәртіп бойынша, мен сіздерге есеп беруге міндеттімін

\$\$\$

Үндестік заңына бағынбайтын қосымшасы бар сөзді белгілеңіз:

А. дүниеқор

В. жолдастар

С. ескерткіш

Д. талапты

Е. көңілді

\$\$\$

Ашық дауысты дыбыстарды көрсетіңіз:

А. а, ұ, ү

В. а, о, е

С. е, ө, ү

Д. у, і, ы

Е. у, и, і

\$\$\$

Заттың түсін, көлемдік сапасын, табиғи жәйін, адамның, не заттың ішкі сырын, тамақтың дәмін, салмақтық белгісін білдіретін:

А. Анықтауыштық қатынаста тұр

В. Пысықтауыштық қатынаста тұр

С. Толықтауыштық қатынаста тұр

Д. Меңгеру

Е. Жанасу

\$\$\$

Бағыныңқы сөз барыс, шығыс, табыс, жатыс, көмектер жалғауларында болады да, басыңқы сөз сол жалғаудағы сөзді керек ететін не есімдік болатын сөз тіркесі қандай байланыс формасына жатады:

- A. Меңгеру
- B. Матасу
- C. Қабысу
- D. Жанасу
- E. Қиысу

\$\$\$

Етістіктермен меңгеріле байланысып, әр түрлі қарым-қатынаста жұмсалатын сөздер:

- A. Зат есім
- B. Сын есім
- C. Есімдер
- D. Етістік
- E. Есімше

\$\$\$

Сөйлемде грамматикалық мағыналарға не болып, синтаксистік қызмет атқарып тұратын сөздерді:

- A. Сөйлем мүшелері дейміз
- B. Сөз дейміз
- C. Сөз тіркесі дейміз
- D. Сөз табы
- E. Мағына

\$\$\$

Жай сөйлемдер құрамдық ерекшеліктеріне сәйкес:

- A. Жалаң және жайылма болып бөлінеді
- B. Болымды және болымсыз болып бөлінеді
- C. Мезгілдік және мақсаттық болып бөлінеді
- D. Шартты
- E. Амал

\$\$\$

Ашық буыннан ғана тұратын сөзді табыңыз:

- A. достық
- B. тамыр
- C. балаша
- D. арқар
- E. шар

\$\$\$

Бір ғана бітеу буыннан тұратын сөзді табыңыз:

- A. мақал
- B. ел
- C. күш

- D. білім
- E. ғалым

\$\$\$

Дыбыстар мен мағынаның бірлігінен тұратын ең кіші тілдік элемент:

- A. Морфема
- B. Буын
- C. Сөз тіркесі
- D. Фонема
- E. Синтагма;

\$\$\$

Асты сызылған сөздер қандай құбылысқа жатады:

Аяғыңа қарамай, басып алдың қара май.

- A. Каламбур
- B. Омографтар
- C. Омоформалар
- D. Омофондар
- E. Дұрыс жауабы жоқ

\$\$\$

Дауысты дыбыстың элементіне басталып, дауыстының элементінен аяқталатын екі дауыстының тіркесінен құралған дыбысты қалай атаймыз:

- A. Дифтонг
- B. Палаталь
- C. Гуттураль
- D. Дифтонгоид
- E. Лабиаль

\$\$\$

Нүкте қойылмайтын жерді белгілеңіз:

- A. қандай, неткен есімдіктері қуаныш мағынасын білдіріп тұрса
- B. адамның аты, тегінің бас әріптері шартты түрде қысқартылғанда
- C. тағысын тағылар, тағы басқалар деген сөздер қысқартылып алынғанда
- D. жыл, ғасыр, сағат қысқартылып қолданса
- E. нүкте тиянақталған ойды білдіретін хабарлы сөйлемнен кейін

\$\$\$

Стиль түрін анықтаңыз:

Барлық сілтілердің төмендегідей ортақ химиялық қасиеттері болады.

- A. ғылыми
- B. ауызекі сөйлеу
- C. іс-қағаздар
- D. көркем әдебиет

Е. публицистикалық

\$\$\$

Қыстырма сөзді сөйлемді көрсетіңіз:

- А. дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ
- В. қой, не де болса қалмайық енді
- С. жүрегім, ойбай, соқпай енді
- Д. қарағым, бүгін күн жұма ғой
- Е. уа, халқым, құлаш жаздың кең өріске

\$\$\$

Толықтауыш қай сөз табынан болып тұр. Құмай мені үйден қуды да шықты.:

- А. есімдік
- В. есімше
- С. зат есім
- Д. сын есім
- Е. етістік

\$\$\$

Мына сөйлемде толықтауыш қай сөз табынан болып тұр? Ит ашуын тырнадан алады:

- А. зат есім
- В. көсемше
- С. есімдік
- Д. үстеу
- Е. сын есім

\$\$\$

Пысықтауыш қай сөз табынан болып тұр: Жүрегі дүрс-дүрс соқты.:

- А. еліктеу сөз
- В. зат есім
- С. етістік
- Д. сын есім
- Е. үстеу